

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АУДАНДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Талжанов С.А., г.ғ.к., доцент; Кожжахмет М., г.ғ.к., доцент; Досмахов С.М., доцент;
Сүймұханов Ұ.А., доцент; Малаева Л.Т., э.магистрі, оқытушысы; Аманжолов А.И., э.магистрі,
оқытушысы Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Экономикалық аудандастыру белгілі бір территорияны құрайтын элементтердің жиынтығы. Экономикалық ауданның пайда болуы және құрылуы территориялық еңбек бөлінісінің дамуына байланысты болады.

Экономическое районирование это совокупность элементов которые составляют определенную территорию. Появление и создание экономического района зависит от развития территориального разделение труда.

Sum of elements, makes that economic district well-known one the territory. Economic district to be on a share and territorial to development cut of labour creation connection is.

Кілт сөздер: экономикалық аудан, еңбек бөлінісі. облыс, мамандану, территория.

География ғылымында күрделі ұғымдардың бірі-аудан. Ол туралы эконом географ Н.Н.Колосовский былай деп жазады. «Ілімнің даму тарихы көрсеткендей, жалпы ғылымда ең ауыр және күрделі нәрсе түсінік және оның шығу тегі. Мысалы, математикада сандар туралы түсінік, физикада материя мен энергия, биологияда жасуша туралы ілім, ал географияда аудан туралы ілім».

Физикалық география өзінің басты зерттеу объектісі мен тақырыбы- физикалық-географиялық аудандастыру және физикалық-географиялық аудандардың жүйелері деп есептесе, экономикалық – географияда экономикалық аудан туралы ілім оның теориялық және практикалық басты бағыты деп ұғу керек. Сонымен бірге, біздің ойымызша, қазіргі уақытта аудандастырудың үшінші бір зерттеу объектісі – географиялық (қоршаған) орта болып отыр. Соңғы кезде табиғатты қорғау мәселелерін шешуге байланысты геозкологиялық аудандастыру басты рөл атқарады. Бұдан басқа аудандастырудың әр түрлері: климаттық, гидрологиялық, геоморфологиялық, геоботаникалық, ауыл-шаруашылық, өнеркәсіптік т. б. болады.

Сонымен, «аудан» деп белгілі бір территорияны құрайтын элементтердің жиынтығын және олардың өзара байланысы, бірлігі, тұтастығы сияқты айырмашылығы арқылы басқа территориядан бөлінетінін айтамыз. Немесе, географиялық ландшафттардың элементтерінің өзіне тән ерекшеліктері арқылы әр түрлі спецификациялық территориялық бөліктерді құрауын айтамыз.

Өндіргіш күштерді орналастыру мен территориялық ұйымдастыру тек қана өндіріс салаларының техникалық-экономикалық ерекшеліктеріне байланысты емес, сонымен бірге әр елдің жергілікті территориялық (табиғат, экономика т.б.) ерекшеліктеріне байланысты. Сондықтан, ғылыми негізде экономикалық аудандастыру және оларда өнірісті территориялық ұйымдастыру- өндіргіш күштерді экономикалық тиімді орналастырудың басты жолдарының бірі болып есептелінеді.

Экономикалық ауданның пайда болуы және құрылуы территориялық еңбек бөлінісінің дамуына байланысты. Жоғарғыда айтылып кеткендей, қоғамдық еңбек бөлінісі өндірісті әр түрлі деңгейдегі салаларға бөлінуіне әсер етсе, бұған байланысты территориялық еңбек бөлінісі белгілі бір шаруашылыққа маманданған территориялық бөліктерге бөлінуге әкеп соғады. Осыған байланысты қазіргі уақытта «Экономикалық аудан » деп белгілі бір елдің шаруашылығының маманданған территориялық бөлігін және сол арқылы өндірген өнімдермен, басқада экономикалық қатынастармен алмасуын айтамыз.

Экономикалық аудан деп мемлекеттің шаруашылығының территориялық тұтас бір бөлігін айтамыз. Оның мынандай қасиеттері болады:

- жергілікті жердің табиғи, экономикалық-әлеуметтік жағдайларына байланысты шаруашылықтың белгілі бір салаларға мамандануы;
- ауданның экономикалық және территориялық құрылымдары элементтерінің өзара байланысы арқылы кешенді дамуы;
- ауданның экономикалық және территориялық құрылымның біртұтастығы арқасында шаруашылықты жүйелі түрде басқару.

Экономикалық ауданды, территориялық еңбек бөлінісі арқылы шаруашылықтың орналасуы және дамуын территориялық ұйымдастырудың басты формасы деп қарау керек.

Экономикалық ауданның мамандануы деп шаруашылығының белгілі бір өндіріс өнімдерін өндірумен бірге (немесе қызмет ету) оларды басқа аудандардың тұтынуына бағыттауын айтамыз. Мұнымен бірге сол ауданның табиғи, экономикалық, тарихи, әлеуметтік т. б. ерекшеліктеріне

байланысты өндірістің маманданған саласы басқа ауданға қарағанда экономикалық тиімді болуы керек. Мамандану сол мемлекеттің дүние жүзілік, аймақтық, аудандық еңбек бөлінісіндегі орынын көрсетеді. Мысалы, Қазақстан Республикасының дүние жүзі территориялық еңбек бөлінісіндегі орынын түсті металлургия, отын-энергетика өнеркәсібі, ауыл шаруашылығының жекелеген түрлері салаларының мамандануы арқылы білеміз, мәселен: астық және қой шаруашылығы.

Экономикалық аудан және географиялық еңбек бөлінісі

(шикізат өндіру және өнім, 2010 ж,%)

Шикізат өндіру және өнім	ОҚ	ШҚ	БҚ	СҚ	ОҚ
Аумақ, 1000 ш.ш	428	283	736	565	711
Халықтың саны(1000 адам)	1339	1425	2179	3055	5538
Халықтың тығыздығы, 1 ш.ш адам	3,1	5	3	5,4	7,8
Аудан құрамы	Қарағанды	ШҚО	БҚО, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау	СҚО, Ақмола, Қостанай, Павлодар	ОҚО, Қызылорда, Жамбыл, Алматы
Урбандалуы	85 %	60 %	58 %	58 %	51 %
Халық	9	9	14	24	44
Көмір	32	5	0	63	0
Мұнай			79		21
Табиғи газ			96	86	4
Темір рудасы	14				
Мыс рудасы	98	1	1		
Қорғасын (концентраты)	14	86			0
Мырыш	0	85	0		15
Марганец рудасы	100				
Хром			100		
Шойын	100				
Болат	87			13	
Кокс	100			0	
Мыс рафинаты	100	0			0
Глиназем				100	0
Электр-энергия	16	10	13	50	11
Ферро-корытпа	1		26	73	
Полимерлер					
Тыңайтқыш	6		35	0	59
Күкірт қышқылы	27	72	1	0	
Фосфор					
Цемент	15	65			20
Телевизор					100
Мақта					100
Мата м/м				1	99
Жүн мата					100
Май	1	4	1	28	66
Ет	8	12	13	35	32

Қант					100
Ұн	10	8		48	22
Күріш					10

Экономикалық ауданның кешенді дамуы арқылы аудан шаруашылығы элементтерінің өзара байланысы, біріншіден, шаруашылықтың маманданған салаларының нәтижелі жұмыс жасауы, екіншіден, өндіріс күштерінің аудан ішінде орналасуында экономикалық тиімділік, тепе-теңдік сақталады. Яғни, өндіріс салаларының даму қарқынында, территориялық орналасуында, құрылымдық ара-қатынаысында қайшылықтар азаяды.

Экономикалық аудан шаруашылықтың дамуына және орналасуына байланысты өзгеріске ұшырап отырады. Қазақстанның экономикалық даму қарқынына, құрылымдық және аумақтық өзгерістерге байланысты бұрынғы бес экономикалық аудандарға: (Солтүстік, Батыс, Шығыс, Оңтүстік және Орталық Қазақстан), біздің ойымызша оны жеті экономикалық ауданға бөлуге және атауға болады. Олар: Жетісу экономикалық ауданы (Алматы облысы және Алматы қаласы), Орталық Қазақстан (Қарағанды облысы), Ертіс бойы (Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары), Солтүстік Қазақстан (Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстары), Оңтүстік Қазақстан (Қызылорда, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары), Батыс Қазақстан (Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстары), Каспий маңы (Атырау және Маңғыстау облыстары).

Салалық құрылымға аудан шаруашылығының салалары жатады. Ауданға экономикалық – географиялық талдау жасағанда салалалық құрылым әдісі қолданады. Қазір экономикалық-географиялық зерттеуде салалардың территориялық еңбек бөлінісіндегі орнын анықтау үшін, оларды топтастыру әдісі қолданылып жүр:

- маманданған салалар (немесе қызмет ету) – өндірген өнімдермен ауданаралық алмасу арқылы ауданның территориялық еңбек бөлінісіндегі орнын көрсететін салалар;
- қосалқы салалар- маманданған салаларды жартылай фабрикаттармен, жәрдемші өндірістік қызмет жасау және қормен қамтамасыз ететін салалар;
- инфрақұрылым (өндірістік және әлеуметтік) салалары
- экономикалық ауданның шаруашылығына жалпы жәрдем беретін материалдық және материалдық емес салалар (байланыс, транспорт, қойма, жылу, су, денсаулық білім, мәдениет, сауда т.б.);
- көмекші (қызмет көрсетуші) салалар-тамақ, киім-кешек т.б. халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін салалар.

Экономикалық ауданның құрылымдық элементтерін екіге –территориялық және салалық деп бөлуге болады. Территориялық құрылымы: өндірістік пункттер, орталықтар, тораптар, локальдық пен аудандық территориялық-өндіріс кешендері. Олардың территориядағы орыны, рөлі, оның фигурацияларына, ядросына, перифериясына байланысты. Мысалы, Орталық Қазақстан экономикалық ауданның ядросы Қарағанды өнеркәсіп орталығы болса, перифериясына Ақтоғай, Ұлытау және т. б. шеткері ауылдық елді-мекендер жатады. Сондықтан, аудан іші территориялық еңбек бөлінісінің дамуын зерттеу арқылы аудан іші территориялық құрылымдарды, олардың функциясын, мамандануын, өзара байланысын т. б. талдауға болады.

Біз ұсынып отырған Қазақстанның экономикалық аудандастырудың жаңа схемасы республиканың қазіргі экономикалық даму деңгейіне, халықаралық және республикалық еңбек бөлінісіндегі алатын орнына сәйкес келеді және жауап береді деп ойлаймыз.

Әдебиеттер:

1. М. Қожахмет Экономикалық және әлеуметтік географияға кіріспе. Қарағанды-1997 ж.
2. В.Н. Слепнева - Экономическая и социальная география Казахстана и мира. Кокшетау. 2011 г.
3. А.Ю.Скопин. Введение в экономическую географию.-М-ВЛАДОС-2011 г.
4. С.Ю.Корнекова, С.П.Семенов Социально-экономическая география. Санкт-Петербург-ПИТЕР-2012 г.